

Қоғам тынысы

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МАҢҒЫСТАУДА



2021 жылғы 22 қыркүйек
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Маңғыстау облысына жұмыс сапары өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңес өткізуден басталды.

Президент өз сөзінде Қазақстанды экономикалық және рухани-мәдени тұрғыдан дамытуда өңірдің рөлі зор екенін атап өтті.

– 30 жылда бұл өлкеге 7 триллион теңгеден астам инвестиция тартылды. Аймақтағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2 есеге, яғни 3,5 пайыздан 8 пайызға дейін артты. Облыс өңірлік жалпы өнім деңгейі бойынша алдыңғы қатардағы бестікке кіреді. Еліміздің тораптық көлік-логистика орталығы осында орналасқан. Ақтау және Құрық аймақтары – Қазақстанның теңізге шығатын қақпасы. Тәуелсіздік кезеңінде облыста 11,3 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 78 мектеп, 334 балабақша салынды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент аймақта жылдам шешуді қажет ететін бірқатар қордаланған мәселе бар екеніне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы облыста еңбек даулары өршіп тұрғанын ерекше атап өтті.

– Жыл басынан бері өңірде осындай 150 дау туындады. Бәрі заң аясында шешілуге тиіс. Жаңаөзенде тұрақты жұмыс істейтін Ведомствоаралық штаб құру қажет. Оған мемлекеттік органдар мен «Самұрық-Қазына» белсене қатысуы керек. Бұл штаб шұғыл шешім қабылдауға және халықпен тығыз қатынас орнатуы қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы облыста жұмыссыздық мәселесінің ушығып тұрғанына мән беріп, жергілікті жұрттың жұмыс таппай жүргенін, ал мердігерлердің басқа жактан еңбек күшін тартатынын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдік пен «Самұрық-Қазына» қорына, ең алдымен, өңірдің жергілікті тұрғындарын жұмыспен қамтуға баса мән беруді тапсырды.

Президент инфляция деңгейінің жоғары екенін және азық-түлік тауарларының бағасы тез қымбаттап бара

жатқанын келесі бір маңызды мәселе ретінде атап өтіп, аталған проблеманы шешу қажеттігін айтты.

– Азық-түліктің 80 пайызға жуығы импортталады. Осы ретте, 50 мың тонна көкөніс сыятын қоймалардың тапшылығы байқалады. Бұл еліміз бойынша ең жоғары көрсеткіш. Аталған мәселені маңыздылығына қарай шешу қажет. Ол үшін тиісті механизмдер бар. Осыған қатысты Үкімет Көкөніс қоймаларының құрылысы жөніндегі жол картасын әзірледі. Азық-түлік бағасының қымбаттауын тоқтату үшін ауыл шаруашылығы өнімдеріне толық қол жетімді әрі ретке келтірілген сауда алаңдарын ашу керек. Әкімдікке Ақтау қаласында коммуналды және көтерме базарларды салуды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент облыстағы өзекті проблемалардың бірі – өңір тұрғындарының сапалы ауызсумен толық қамтамасыз етілмеуіне арнайы тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев өңірде қыруар қаржының түрлі қымбат ғимараттар салуға және басқа да мақсаттарға жұмсалып жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл да керек, бірақ, ешқайсысы судан маңызды емес.

– Мен Жолдауымда Кендірлі елді мекенінде су тұщыту зауытын салуды тапсырған болатынмын. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, 2024 жылдың соңына дейін зауытты іске қосуы керек. Ауылдық жерлер әлі күнге дейін сапалы ауызсуға мұқтаж. Облыстағы 12 елді мекенде, яғни ауылдардың 20 пайызында ауызсу жоқ. Биыл 4 ауылға ғана су жеткізу жоспарланған. Бұл жұмыстың қарқыны өте баяу. Әкімдікке келесі жылдың соңына дейін осы 12 ауылдың бәріне таза су беруді тапсырамын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы мұнай-газ саласын одан әрі дамыту, соның ішінде өңірдегі жаңа кен орындарын игеру мәселесін көтерді. Осы ретте, Мемлекет басшысы жалпы құны шамамен 5 миллиард доллар болатын «Қаламқас теңіз» және «Хазар» ірі кен орындарын игеру жұмыстарын бастау жөніндегі шешімін еске салды. Президент кен орындарын игеру жұмыстарына жергілікті компания-

лар мен кадрларды барынша тартудың маңызды екенін атап өтті.

Бұдан бөлек Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай кен орындарының бірте-бірте тозуына, 2030 жылға қарай өндірілетін мұнайдың азаюына байланысты проблеманы да қозғады. Аталған мәселені шешу үшін Президент геологиялық барлау және жаңа кен орындарын іздеу бағытына белсенді түрде инвестиция тартуға шақырды. Бұл жұмыстарды атқару барысында жыл соңына дейін құрылатын Ұлттық геологиялық қызмет маңызды рөл атқаруға тиіс.

Кеңес барысында өңір экономикасын, соның ішінде шағын және орта бизнесті әртараптандыруға арнайы мән берілді. Шикізат секторындағы, оның ішінде дәрі-дәрмек, медициналық бұйымдар, электр кабельдері өндірісі бойынша жобаларды жүзеге асыруға мән бере отырып, Арнаулы экономикалық аймақтың әлеуетін одан әрі арттырудың өзектілігіне назар аударылды.

Президент еліміздегі ең үздік он туристік аймақтың қатарына қосылатын Маңғыстау облысының туристік әлеуеті зор екенін атап өтті. Ол мұның дәлелі ретінде осы жылдың бірінші жартысында туристер саны үш есе артқанын алға тартты. Дегенмен, Президент курортты жерлердің туристік әлеуеті толық игерілмей отырғанын жеткізді.

– Каспий жағалауы сияқты дәстүрлі бағыттармен қатар, жақын келешекте Кендірлі курорт аймағы мен Баутин портының да мүмкіндігін тиімді пайдалану қажет. Ақтау қаласындағы туристік аумақта инженерлік және көлік инфрақұрылымы жасалуға тиіс. «Самұрық-Қазына» қоры биыл «Сарша» елді-мекені мен «Жылы жағажай» курорттық аймағына газ тарту жұмысын аяқтауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев денсаулық сақтау проблемаларына арнайы тоқталды. Мемлекет басшысы облыста екпе салу жұмысы өте баяу жүріп жатқанын, еңбек ұжымдары екпеден жаппай бас тартып отырғанын, жергілікті жұрттың жартысына жуығы медициналық қызметтің сапасына риза емес екенін атап өтті. Президент

дәрігерлердің жетіспеушілігін тағы бір өткір проблема ретінде көтерді.

– Өңірде 276 медицина маманы жетіспейді. Соның ішінде емханаларға 147 дәрігер қажет. Сөйте тұра, жолдамамен келген жас мамандардың 28 пайызы ғана әлеуметтік қолдауға ие болған. Бұл еш қисынға келмейді. Біз жас мамандарды жұмысқа белсенді тартып жатырмыз. Бірақ, оларға уәде еткен көмекті бере алмай отырмыз. Аймаққа қажетті барлық медицина қызметкерлеріне толық әлеуметтік қолдау көрсетуді облыс әкімдігіне тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасын жаңартуды маңызды міндет санайды. Үкімет пен әкімдік осы мәселені шешуі керек. Өңірдегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының жағдайы да Президент назарынан тыс қалмады.

Бұдан бөлек Президент жергілікті экологиялық проблемаларға, соның ішінде «Қошқар Ата» қалдықтар қоймасына қатысты мәселеге тоқталды. Мемлекет басшысы Үкімет пен облыс әкімдігіне үш жыл мерзім ішінде қалдық қоймасын қайта қалпына келтіруді және қалдық жиналатын толық инфрақұрылым қалыптастыруды, сондай-ақ қатты тұрмыс қалдықтарын нормативті талаптарға сай өңдеу жұмыстарын толық аяқтауды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі көлік-транзит әлеуетін дамытуды тағы бір маңызды міндет ретінде атады. Бұл ретте еліміздің теңіз порты арқылы өтетін транскаспий мультимодальді халықаралық жолының маңызы арта түседі. Осыған орай Мемлекет басшысы Үкіметке Ақтау және Құрық порттарының базасында контейнерлік хаб құруға және Қытайдан келетін экспорттық жүктердің бір бөлігін қайта бағыттауға тапсырма берді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Бейнеу-Шалқар автожолының құрылысы Маңғыстау облысының көліктік-логистикалық әлеуетін арттыруға септігін тигізеді деп атап өтіп, Үкіметке тиісті жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуді жеделдетуді тапсырды.

ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ. СУТЕГІНІҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН СЫРЫ КӨП

Климаттың өзгеруіне орай күннің шамадан тыс ысуы, мұздықтардың еруі, топан судың қаптауы сияқты табиғаттың жайсыз құбылыстары бүкіл адамзатты алаңдатып отыр. Ғалымдар мен мамандар мұны ауаға лас қалдықтардың көптеп таралуымен байланыстырады. Ғылым мен озық технологияға сүйенген алдыңғы қатарлы мемлекеттер өндірісте осы көмір қышқыл газының үлесін азайтып, жасыл энергияға түбегейлі көшуді, соның ішінде сутегі қуатын пайдалануды қарастырып жатыр. Еуропа сырттан әкелінетін өнімнің экологиялық тұрғыдан таза болуын талап ететін стратегиясын жариялады. Елімізде бұл бағытта қандай шаруа атқарылуда? «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаевпен әңгімеміз отандық мұнай секторының осы жасыл энергияны дамытуға қосып жатқан үлесі төңірегінде өрбиді.

Жас қазақ: Соңғы жылдары климаттық өзгерістерге орай, ауаны көбірек ластайтын қуат көздерінен бас тартып, жасыл энергияға, карбонсыздану процесіне (декарбонизация) көшу жөнінде көп айтылып жүр. 2020 жылы «ҚазМұнайГаз» компаниясы алғаш рет көмірқышқыл газын азайтатын өндірістік жоспары туралы сөз қозғай бастады. Бұған қандай себептер ықпал етіп отыр?

Алик АЙДАРБАЕВ: Соңғы жылдары әлемнің алпауыт мұнай-газ компаниялары климаттың өзгеруін шектеуге бағытталған Стратегияларын қабылдап, энергияның балама немесе жаңартылатын көздерін пайдалану жолдарын дамытуға айрықша көңіл бөліп жатыр. Қазір олар өздерінің жалпы инвестицияларының 5 пайызға жуығын жыл сайын осы бағытқа жұмсауды дәстүрге айналдырды.

«ҚазМұнайГаз» – Қазақстандағы ең ірі ұлттық компания ғана емес, қазіргі таңда әлем нарығында өзінің орнықты орны бар және әлгі аталған дүниежүзінің бетке ұстар мұнайгаз компанияларының барлығымен серіктес, солармен бірге елімізде аса ірі жобаларды іске асырып келе жатқан компания. Сондықтан біздің ұлттық компания мұндай жаңа үдерістен тыс қала алмайды. Оның үстіне, Президентіміз 2060 жылға қарай еліміз көміртегіге бейтарап мемлекет болатынын жария еткені бері, біз бұл мәселені жіті зерттеп, осы маңызды шаруаны іске асыруда «ҚазМұнайГаз» компаниясы қандай бағыттарда жұмыс атқаратынын нақтылап, ортақ шаруаға қосатын өз үлесін жан-жақты пысықтап жатырмыз. Жалпы жұмыс бірнеше бағытта жүргізілуде. Олар қазір нақтыланып, жыл соңына дейін дайын болатын біздің алдағы 10 жылға арналған Стратегиялық бағдарламаға енетін болады. Атқарылатын кейбір шаруаларды атап айтатын болсақ, онда біз өз өндірісімізде бірінші кезекте энергия көздерін тиімді пайдаланып, ауаны ластайтын

газдарды ұстап қалуды кең көлемде жолға қоймақшымыз.

Одан бөлек, отандық мұнай-химия өндірісінде сутегі кеңінен пайдаланылады, сондықтан отынның ең таза деп отырған балама түрімен жұмыс істеуде біздің саланың қызметкерлерінің біраз тәжірибесі бар. Сондықтан осы жағдайды ескере отырып, отынның балама көзін өндіру мен пайдалануда да өзгелерге үлгі болатын ауқымды жобаларды іске асырсақ деген ойымыз бар. Бұл бағытта жуық арада пилоттық үлгіде бірнеше жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Ол жобалар туралы уақыты келгенде бөлек әңгіме қозғармыз. Осы тұрғыда реті келгенде айта кететін тағы бір үлкен мәселе бар. Ол – алдағы 5 жылда елімізде 2 миллиард түп тал егіп, еліміздің біраз аймағын жасыл желекке

барлық заттарға, солардың арасында мұнай мен газға қосымша салық салынғалы тұр. Бұл Ұлттық компаниямыздың болашақ қызметіне қалай әсер етуі мүмкін?

Алик АЙДАРБАЕВ: Сіз айтып отырған құжатты Еуропа Одағы 2019 жылы қабылдады. Артынша сол құжатқа сүйене отырып, Еуропа елдері 2050 жылы қазба отын көздеріне бейтарап болатынын нақтылайтын арнайы Стратегиясын қабылдады. Бұл құжатта экономиканың қандай саласы қашан көмірсутегі ресурстарын пайдаланудан бас тартатынын нақты көрсетіліп отыр. Құжатта энергияға деген сұраныстың басым бөлігін сутегіні пайдалану арқылы қол жеткізу көзделіп отыр. Өйткені ол – отынның бүгінгі күні ең таза түрі.

озық технологияларды кең ауқымда пайдалануға мәжбүрлейтіні айтпаса да түсінікті.

Ол үшін бірнеше реттеуші механизмдерді практикаға ендіреді. Сондай механизмдердің бірі – сіз айтып отырған трансшекаралық көміртегі реттеу механизмі. Сол механизмге сәйкес, Еуроодаққа экспорт жасайтын кез келген мемлекет өз өнімінің экологиялық тұрғыдан таза екенін дәлелдеуі тиіс. Ал егер импортталатын затты өндіру Еуропада орналасқан өндіріспен салыстырғанда лас екені анықталатын болса, онда ондай өнімдерге қосымша салық салынып, бірте-бірте ондай заттардың Еуроодаққа келуіне тосқауыл қойылатын болады. Бұл, әрине, біздің экспорттаушы кәсіпорындарға оңай соқпайды. Сондықтан көптеген бизнес субъектілерін алаңдатып отыр.

дарымызға сутегінің ерекшелігі мен дәстүрлі отын көздерін алмастыра алатын мүмкіндігі жөнінде айтып берсеңіз.

Алик АЙДАРБАЕВ: Бүгінде адамзаттың алдында тұрған бірнеше өзекті мәселе бар екенін жоғарыда бірсыпыра әңгіме еттік. Енді экология проблемасы мен климаттың өзгеруін былай қойғанның өзінде, ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір күні кен отын көздері бітетіні анық. Қазір пайдаланып отырған отын көздері таусылса, адамзат не істеуі керек?


Біз бұған дейін кен отындарын пайдалану адамзаттың өміріне зиян, жер бетіндегі тіршілікке қауіп төндіріп отырғанын әңгіме еттік. Сол айтылған әңгімеден адамзаттың жер бетінде тұрақты тіршілік етуі үшін энергияның таза әрі шексіз көзі қажет екені туындайды. Қазіргі технологиялардың даму деңгейіне сәйкес энергияның шексіз көзі сутегі болып тұр. Себебі ол жер бетінде ең көп таралған зат. Сутегіні судан да, көмірден де, мұнайдан да, газдан да алуға болады.

Жер бетінің үштен екі бөлігі судан тұратынын ескерсек, онда сутегінің шексіз екенін түсінеміз. Сосын, оны қазіргі технологиялардың көмегімен пайдаланған уақытта еш зиянды зат бөлінбейді, тек таза су ғана шығады. Сондықтан сутегі энергияның ең таза көзі болып есептеледі. Дегенмен, сутегіні өндіруде де, сақтауда да, тасымалдауда да, пайдалануда да бүгінгі күні кездесетін көптеген техникалық қиындықтар бар. Ол проблемалардың барлығының техникалық шешімдері бар. Бірақ олар әзірше қымбат. Сондықтан ол қиындықтарды шешу үшін жетекші мемлекеттер үлкен қаражат бөліп, бүкіл дүние жүзінің озық ойлы азаматтарын осы саланың проблемаларын шешуге жұмылдыруда. Соның арқасында күн санап сутегіні тіршілікте пайдаланудың жаңа тиімді жолдары табылып жатыр.

Сутегіні алудың да әр түрлі жолы бар. Бүгінде дүниеде пайдаланып отырған сутегінің 85 пайызын табиғи газдан алып отыр. Қазіргі кезеңде сутегінің басым бөлігі мұнай өнімдерін тазартуда, содан соң аммиак, азот тыңайтқыштарын алуда қолданылып келеді. Сутегіні тасымалдау қиын әрі қымбат болғандықтан, осы уақытқа дейін ол өндіріске қажет болған жағдайда, оны өндіріс орнының басында шығарып, сол жерде пайдалану дәстүрге айналған.

Бүгінде одан бөлек отын элементтерін пайдалана отырып, табиғи газдан немесе балама отын көздерінен де электр қуатын алуға болатын технологияға қол жетті. Демек, болашақта адамзат бірте-бірте отын жағып, ауаны ластаудан мүлдем бас тартып, кез келген отынның химиялық энергиясын бірден электр қуатына айналдыруға көштері анық. Бұл жетістік энергия көзінің алмасуына үлкен септігін тигізіп отырған ең басты жаңалықтардың бірі екені даусыз.

Срайыл СМАЙЫЛ
www.jasqazaq.kz



бөлеу туралы Мемлекет басшысының үндеуін қолдау шеңберінде атқарылатын шаралар. Тал егіп, елді жасыл желекке бөлеу біздің компанияның аталған стратегиясында ерекше орынға ие болып, қаржымен қамтамасыз етілетін болады. Ғалымдардың тұжырымдамасына сәйкес, егілген әр тал 40 жылда 4 тоннаға жуық көмірқышқыл газын бойына сіңіріп алады екен. Тал отырғызу біздің компанияның бұл бағыттағы ісін жақсартуға үлесін қосатыны сөзсіз. Сондықтан бұл шаруа компанияда стратегиялық басымдылыққа ие болып отыр.

Жас қазақ: Қазақ мұнайының елеулі бөлігі Еуропаға жеткізілетіні белгілі. Сол кәрі құрылықта екі жыл бұрын Green Pact for Europe (Еуропаның Жасыл Пакты) атты құжат қабылданды. 2050 жылға қарай Еуроодақ елдерінде ауаға лас қалдықты мүлде таратпауды көздейтін осы Жасыл пакт Траншекаралық көміртегіні реттеу (Carbon Border Adjustment Mechanism) механизмін енгізуді көздейді. Былайша айтқанда, осы реттеу механизмі іске асқан кезеңнен бастап, Еуропада әкелінетін

Сутегі мен жаңартылар энергия көздерін жаппай пайдаланып, көмірсутегі ресурстарынан бірте-бірте бас тарту қажеттігін барлық дамыған мемлекеттер қолдап отыр. Бүгінгі күні жылына 40 миллиард тоннадан астам зиянды газ ауаға тарап жатса, онда олардың 80 пайызы жетекші мемлекеттердің үлесінде.

Мысалы, оның 13 миллиард тоннаға жуығы Қытайдың, 5 миллиард тоннадан астамы АҚШ-тың, 1 миллиард тоннадан астамы Еуроодақтың үлесінде. Отынның таза түріне көшуді жетекші мемлекеттердің қолдауы климаттың өзгеруімен күресуде оң өзгерістер басталатынына деген адамзаттың сенімін күшейтіп отыр.

Әрине, отынның дәстүрлі түрлерінен бас тартып, оның жаңартылар немесе таза балама көздеріне көшу өте қиын болатынын жоғарыда айттық. Бұл – бүгінгі күні қымбат болып отырған озық технологияларға сүйене отырып, қол жеткізуге болатын шаруа. Жаңа технологиялар жетекші мемлекеттердің еншісінде екені бәрімізге анық. Сондықтан ол мемлекеттер экономикасы тұрақтап қалған немесе енді көтеріліп келе жатқан Қазақстан секілді мемлекеттерді

Аталған реттеу механизмі 2023 жылдың басынан күшіне енеді деп жоспарланды. Алғашқы кезеңде бұл реттеу механизмі металл, алюминий, цемент, химия және тыңайтқыш заттарына қатысты болмақшы. Алдағы бес жылда мұнай өнімдерін реттеуде бұл механизм қолданбайтын болды, ал болашақта олардың да бұл тізімге кірері сөзсіз. Еліміздің мұнай өндірісі бәсекеге қабілеттілігін сақтап қалу үшін осы бастан дайындалғаны жөн.

Тағы бір орайы келгенде айта кететін жағдай, жетекші мемлекеттердің арнайы қор құрып, экономикасы тұрақтап қалған елдермен озық технологиямен бөлісуді жоспарлап отырғаны. Бұл қордан қаражат алу үшін еліміздің бизнес өкілдері өз тараптарынан өндірісті жаңартуда белсенділік танытулары тиіс. Міне, осы секілді механизмдердің көмегімен жетекші мемлекеттер кен отын көздерін пайдалануды шектеп, дүние жүзі экономикасының жасылдануына ықпал жасамқшы.

Жас қазақ: Соңғы кездері ең тиімді әрі экологиялық жағынан таза энергия көзі ретінде сутегіні пайдалануды ұсынып жатыр. Осы саланың білікті маманы ретінде оқырман-

НАЗНАЧЕНИЕ



С 27 сентября 2021 года начальником ПУ «Жетыбай-мунайгаз» назначен Хэ Цзиньбо.

Хэ Цзиньбо родился 25 марта 1978 года в КНР.

В 2003 году окончил Российский государственный университет нефти и газа имени И.М. Губкина, (присуждена степень Бакалавра техники и технологии по направлению «Нефтегазовое дело»).

В 2003-2005 годах работал в АО «СНПС - Актөбе мунайгаз».

С 2005 года работал в системе АО «СНПС-АЙ ДАН МУНАЙ» (г. Кызылорда, Республика Казахстан): заместителем начальника терминала, ведущим инженером-геофизиком, начальником центрального пункта подготовки нефти, начальником цеха подготовки и перекачки нефти.

Год экологии

ЗА ВКЛАД В ЭКОЛОГИЮ!

Акционерное общество «Мангистаумунайгаз» стало одним из лидеров по достижениям в области охраны окружающей среды в группе компаний АО «НК «КазМунайГаз». Награждение состоялось 10 сентября в ходе VI ежегодного Форума генеральных директоров АО НК «КазМунайГаз» в области охраны труда и окружающей среды «На пути к безопасному устойчивому развитию».

В ежегодном мероприятии, прошедшем в онлайн-формате, приняли участие члены Совета директоров и руководство КМГ, генеральные директора дочерних и зависимых организаций представители АО «Самрук-Қазына», государственных органов и др.

Цель форума – оценка текущего состояния производственной безопасности, охраны труда и окружающей среды в группе компаний КМГ, обмен опытом в сфере защиты жизни и здоровья работников.

В своем выступлении Председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Алик Айдарбаев подчеркнул, что люди – наивысшая ценность компании.

– Главная наша задача – сохранить жизнь и здоровье всех, кто работает на наших предприятиях. Обращаю особое внимание всех руководителей дочерних и зависимых организаций, что первоочередной задачей является обеспечение безопасности работников и снижение уровня травматизма на производстве. Вы личным примером должны демонстрировать



лидерство и показывать свою приверженность вопросам производственной безопасности, – отметил Алик Айдарбаев.

Глава КМГ акцентировал внимание участников на вопросах охраны окружающей среды. В рамках объявленного в 2021 году Года экологии по группе компаний КМГ, председатель Правления призвал первых руководителей ДЗО ставить на первый план решение экологических вопросов.

Также на форуме были обсуждены новшества экологического регулирования и законодательства в сфере гражданской защиты. Более того разработчиками нового Экологического кодекса РК проведена дополнительная сессия по обучению членов Совета директоров и Правления на данную тематику.

В рамках форума состоялась церемония награждения за достижения в области охраны труда и окружающей среды.

За отличные показатели в области управления отходами в номинации «За вклад в экологию» была награждена компания «Мангистаумунайгаз».

В частности было отмечено, что компанией очищено 10 полигонов с общим объемом нефтеотходов 633 тыс. тонн.



На сегодняшний день все полигоны очищены и ликвидированы, очищенные территории сданы государственным органам и местным исполнительным органам в области земельных отношений.

Также были награждены компании-лидеры в номинациях «Лучшие показатели по вакцинации работников и охране здоровья» и «За лучшие показатели в области безопасности и охраны труда».

Р.С. 22 сентября начальник управления охраны труда и окружающей среды ДОТЭС АО «НК «КазМунайГаз» Бакытжан Аманжолбеков поблагодарил коллектив АО «Мангистаумунайгаз» за успешную работу в области экологии и охраны окружающей среды и вручил награду первому заместителю Генерального директора Калбау Измуханову.


Новые технологии

«МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ» ПРОДОЛЖАЕТ МОДЕРНИЗАЦИЮ ПРОИЗВОДСТВА

В год 60-летия Мангистауской нефти в акционерном обществе «Мангистаумунайгаз» продолжают работы по модернизации оборудования, техники и технических процессов, направленных на повышение эффективности производства. В частности успешно завершены опытно-промышленные испытания (ОПИ) линейных стеклопластиковых труб высокого давления для системы поддержания пластового давления (ППД) на месторождениях Каламкас и Жетыбай.

Основная проблема стальных труб, применяемых в нефтегазовой отрасли – это коррозия. Коррозионные процессы создают постоянную потребность либо в замене стальных труб, либо в ремонте, либо в использовании различных методов защиты от коррозии. Все это приводит к тому, что компании несут большие затраты, связанные с высокой стоимостью капитального ремонта стальных труб, а также обеспечением экологической безопасности.

Одним из перспективных решений данной проблемы является применение стеклопластиковых труб, которые в отличие от металлических, не подвержены коррозии, обладают значительно большим сроком эксплуатации (до 20 лет), их применение в производстве позволит увеличить межремонтный период работы трубопроводов, сократить гидравлические потери при перекачке нефтепромысловых жидкостей, а



также обеспечить минимальную нагрузку на окружающую среду.

В целях сокращения простоев из-за интенсивной коррозии стальных трубопроводов, аварийных ремонтов, которые создают перебои, в технологическом

процессе, «Мангистаумунайгаз» инициировал проведение ОПИ для проверки надежности работы высоконапорных стеклопластиковых труб в условиях системы ППД месторождениях Каламкас и Жетыбай.

– Опытно-промышленные испытания проводились в течение шести месяцев, под техническим сопровождением филиала ТОО «КМГ Инжиниринг «КазНИПИ-мунайгаз», – рассказывает начальник отдела новых технологий ПД АО «Мангистаумунайгаз» Болат Сейтмаганбетов. – На месторождении Жетыбай для проведения ОПИ по прокладке стеклопластиковых труб Ø100 мм, высокого давления Р=20 МПа для системы ППД были выбраны высоконапорные трубопроводы нагнетательных скважин 1246 и 4025 протяженностью 660 и 340 метров соответственно. На месторождении Каламкас ОПИ проводились на участке напорного коллектора ГУ-23 БКНС-1 протяженностью 600 метров. Полученные результаты по итогам испытаний положительные, все критерии технологической эффективности в ходе ОПИ были достигнуты. По оценкам специалистов замена действующих труб на стеклопластиковые является экономически оправданной, срок окупаемости три года.



В настоящее время результаты ОПИ направлены для вынесения на обсуждение научно-технического совета при ТОО «КМГ Инжиниринг», в случае положительного заключения, будет приниматься решение о промышленном внедрении стеклопластиковых труб на месторождениях Общества.

Еңбек адамы



АБЫРОЙҒА БӨЛЕНГЕН АЛМАГҮЛ

Бүгінгі кейіпкеріміз өлкенің өндірісін өрге сүйреген, «Жетібай-мұнайгаз» ОБ Қабат қысымын ұстау цехының операторы Алмагүл Көмекқызы хақында...

Өндірістің тоқтаусыз жүріп жататын процесінде «мынау жігіттің жұмысы, әйелдер жеңілдеу жағына барсын» деген түсінік жоқ. Ер-азамат атқаратын қара жұмыстың бір құлағы Алмагүл апалардікі. Алмагүл Нұрханованың қабат қысымын ұстау цехының операторы болып жұмыс істегеніне биыл 29 жыл толады. Міне, осы уақыт аралығында мұнай кәсіпшілігіндегі тауқыметті азаматтармен қатар кешіп келе жатқан Алмагүл апаның да, ұжымдас қыз-келіншектердің де осалдық танытқан жері, сірә, сирек шығар.

Жыл он екі ай жаздың шекеңді шағатын ыстығын былай қойғанда, табиғаттың тосын мінезіне төтеп беру сіз ойлағандай оңай дүние емес. Кейіпкерімізбен өрілген әңгімеміз «өндіріс өмірі ажарыңызға бөлендей сын тақтапты. Сұлусыз, сыры неде?» деген сауалымыздан басталды.

«Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ - өнерсіз иттің ісі. Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» - дейді Абай. Сұлулықтан бұрын тазалықты ұнатам. Анам мен әкемнің тектен берілген тәлімі, тәрбиесі бізді шынға шығарып жүр. Адамшылық бар жерде - сұлулық бар. Бауырға, досқа деген жанашырлықты жоғалтпауымыз керек,- дейді еңбек адамы.

Алмагүл Нұрханова 1968 жылы 15 қарашада Түркменстанның Красноводск қаласында туған. Жетібай кентіндегі 3 орта мектепті үздік тәмамдап, 1985 жылы КазПТИ-дің Ақтаудағы филиалына инженер механик мамандығына оқуға түседі. 1992 жылы еңбек жолын Қабат қысымын ұстау цехында 3-ші дәрежелі оператор болып бастайды.

– Тұрмыс-тіршілікке ерте бастан араластым. Алғаш 1987 жылы ұлутас карьеріне жұмысқа орналастым. ОТК-да тас тексеруші болып істедім. Қай ұжымға барсам да жақсы жандармен өзара ынтымақта қызмет жасадық - дейді Алмагүл Көмекқызы.

– Жұмысқа алғаш келгенімде ұңғымаларды таныстырып, білгеніммен бөліскен Сейітжан Бірімжанов деген оператор болды, қазір марқұм болып кетті. Жалпы қай кезде де оқуды жаңа бітіріп

келген жастарға тәжірибелі мамандардың қолдауы өте маңызды деген ойлаймын. Жұмыста ысылып, кәсіби маман ретінде қалыптасуыма көмегін тигізген аға-апаларға алғысым шексіз,- дейді ол.

Диспетчер, машинист, оператор қызметін абыройлы атқарған маман жылдармен жиған білік-білімін өкшесін басып өндіріске келгендерге үйретуден еш жалықпайды.

Алмагүл Нұрханова жұмыс істейтін цехта үш бригада бар. Ол шебер Қуанғали Қырымқұлов жетекшілік ететін цехта еңбек етеді. Бұл цехтың міндеті жер асты қысымын ұстап тұруға бағытталған екен.

– Бұл жерде екі адамбыз, қасымда машинист Гүлнар Тайырова деген әріптесім бар. Станцияға қарасты 4 сораптың көмегімен тәулігіне 800 текше метр су айдаймыз, - деген Алмагүл апа бүгінгі өндірістің тыныс-тіршілігі көз-керім өзгергенін, жаңа заманның тың технологиялары мұнай-газ саласына үлкен серпін бергенін атап өтті.

– Біздің тұста жағдай мүлдем болмады, кішкентай вагондарда жан бақтық, ыссы су атымен жоқ, тоқ шәйнекке су қайнатамыз. Бүгінде осының бәрі өткен күндердің еншісінде қалғаны көңілге медеу. Жаңа технологиялық құрал-жабдықтар мұнай-газ саласындағы жұмыстарды едәуір жеңілдетті. Өндіріс басында жарты өмірі



өтетін мұнайшылардың әлеуеті едәуір артты. Жаңа асхана, жайлы жатақхана, вахталық әдіспен жұмыс істеушілерге арналған спорт залы, жаттығу орындары, кітапхана, демалыс бөлмесі, бәрі де бар. Осы орайда компанияның басқарма басшылығына да ризашылығымды білдіре кеткім келеді, - деді А.Көмекқызы.

Алмагүл апаның ата-анасы да өмірін өндіріске арнаған жандар. Жолдасы Нұрадин Құлшабаев осы мекемеде ұзақ жыл көлік айдады. Інісі Жетібай Нұрханов

бүгінде мұнай және газ өндіру цехының слесарі.

Отбасынан жырақта ұрпағының бақытты, бақуатты тұрмысы үшін аянбай тер төккен еңбек адамдарының ел қазынасын еселеу жолындағы ерен ерлігі сан кітапқа арқау болары анық. Түздегі мен үйдегі тіршілігін қатар алып, ардақты ана, аяулы жар, ақжаулықты әже атанып үлгерген Алмагүл Нұрханованың алғыс арқалап, абыройға бөленіп, аман жүруін тілейміз.

АДАЛ ЕҢБЕКПЕН – ҚҰРМЕТТІ ЗЕЙНЕТКЕ



Қожанапес Әбдіғалиұлы 1984 жылы «Жетібаймұнайгаз» ОБ қарасты Өндірістік жұмыстарды ғылыми зерттеу цехында оператор боп еңбек жолын бастайды. Өндірісте ысылып, біраз тәжірибе жинаған Қожанапес Кемалов ұжым арасындағы абырой-беделін адал жүріп, ақ сөйлеп, маңдай терімен тапқан несібесінің нәтижесі деп ұғады.

Бүгінде инженер-технолог, шебер, цех бастығы секілді еңбек баспалдақтарынан өткен майталман маманға осы жылды аман-есен аяқтаса құрметті еңбек демалысының төбесі көрінгелі тұр.

– Қазақта «адамның абыройы өзінен де көп өмір сүреді» деген тәмсіл бар. Мен осы осыны құптаймын. Әкем мұнай саласында еңбек еткендіктен, біз де осы саладан ұзай қоймадық. Ел қазынасын еселеу жолында еңбек еттік. Құдайға шүкір, 30 жылға жуық өндірісте өткен өмірім мені құрмет пен қошеметке бөледі, - дейді кейіпкеріміз.

Мұнайшылар мерекесінде марапат алып, мерейі тасығаны кеше... Енді міне, төл газетімізге сұхбат беріп ағынан жарылған жақсы ағаның өмірі мен еңбек жолынан сыр шертіп отырмыз. 1958 жылы Ашхабадта туған Қожанапес Әбдіғалиұлы еңбекке ерте араласып өсті, содан да болар өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтыны бірден байқалады.

– Бір істі орта жолда қалдыру табиғатымда жоқ. Әр азамат өз ісіне ықтиятты болса, қоғам алға ілгерілей түседі деп ойлаймын. Әсіресе өндірісте бұл өте қажет, - дейді еңбек адамы.

Бүгінде Асар кенорындағы №3 мұнай және газ өндіру цехында 96 адам жұмыс істейді. Тәулігіне 4 100 текше метр мұнай өндіретін цехта Қожанапес ағаның білігі мен кісілігін үлгі тұтатындар аз емес. Жетібай жерінде тұрақтаған Қожанапес аға адал жары Қарлығашпен немере сүйіп отырған бақытты шаңырақ иесі.

Өндірістің ыстық-суығын бірдей көрген маман кенорының кешегісінің куәсі, бүгінгісінің бел ортасында. «26 жасымда Асарға келдім. Ол тұста қазіргідей жайлы орын, ыстық тамақ жоқ. Мезі қылатын меніреу дала, жағдай қиын кез еді ғой. Бүгінгі Асар - бөлек Асар, жастар жағы қаумалап өндірісте жүр. Жаңа техника, жаңа леп», - деп әңгімесін түйіндеді.

Табыс пен тұрмыстың тұғыры – еңбек. 30 жыл ғұмырын өндіріске арнаған Қожанапес сынды жандардың қажыр-қайраты, білік-білімі жұртымызды қашанда мұратқа жеткізетін хақ!

ЖАННАТ КЕМАЛ

ӨНЕРЛІГЕ ӨРІС КЕҢ

Мәдениет пен өнерді қолдау – еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Мәдениет – елдің ең басты рухани байлығы, асыл мұрасы. Қай елдің мәдениеті мықты дамыса, сол елдің еңсесі де биік болады», — деген еді.



жерлерімізді баулу - армандарымыздың бірі еді. Шүкір, орындалды, ендігі жерде өнердің өрендерін дайындау мақсатым», - дейді жас ұстаз.

Жетібай кентіндегі өнер мектебінің оқу-тәрбие жұмысы жыл сайын ілгерілеп, жергілікті тұрғындардың қызығушылығы артып келеді. «Ұстаздарымыз балалардың тандаған саласы бойынша олардың

Сонау ғасырлар қойнауындағы тарихымызды тірілтіп, ұлттық аспаптарымыздың тынысын тарылтпай, дәстүрлі өнерді насихаттап, түрлі бағыттағы әндерімен тыңдарманның құлақ құрышын қандыратын әншілер мен саф алтындай өнер туындыларын өмірге әкелетін күйшілер, сазгерлер, суретшілер мен мүсіншілерді дайындайтын өнер мектебі осыдан он жыл бұрын «Маңғыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғамының қолдауымен Жетібай кентінен ашылған еді. Әр істеріне асқан сүйіспеншілікпен қарап, еліміздің мәдениеті мен өнеріне өлшеусіз үлес қосқан Өскенбай Қалманбетұлы атындағы өнер мектебінің бүгінгі тынысымен танысқан біз, ауыл таланттарының өнеріне тәнті болдық.

Осыдан 35 жыл бұрын ҚР мәдениет қайраткері Орын Құлсариев негізін қалаған Жетібай балалар саз мектебінде еңбек жолы мектеппен қатар өрілген ұстаздар бар. Арнайы шақыртумен келген Нұрбике Қаратаева домбырадан және көп ешкім менгере бермейтін бас қобыздан сабақ береді:

- Жетібай балалар саз мектебін ашқан жылы маман жоқтың қасы болатын. Орын Құлсариев ағамыз мені Атыраудан арнайы шақыртып, үй беріп, жағдайымды жасады. Ол кісі құрған «Жетібай сазы» деген ансамбльде бас қобызда отырам, ауыл балаларына сол аспапта ойнаудың әдіс-тәсілдерін, әуендік құрылыс өзгешеліктерін үйретіп келемін. Мақтан тұтар шәкірттерім де жоқ емес.

Қазіргі таңда Мұнайшылар ауылынан бұл өнер мектебінде 300-ге жуық бала қабілетіне қарай тәлім алып жүр. Оларды өнер жолында шыңдау мақсатында

«домбыра», «жыр-терме», «баян», «дәстүрлі ән», «вокал», «қобыз», «би», «бейнелеу», «жетіген» сыныптары жұмыс жасап тұр. Мектеп жанынан құрылған аула клубындағы «шахмат-дойбы», «вокал», «колөнер», «жас тігіншілер», «мәнерлеп оқу» үйірмелерінде де 150-ден астам өнерпаз оқиды. Күні кеше «ән айтам, аспаптарды меңгерем» - деп келген сарыауыз балапандар бүгінде байқаулардан жүлдемен оралса, енді бірі ұстаздық етіп, шығармашылық көкжиектерін күн санап кеңейтіп келеді.

Серікбол Қарабатыр осыдан 10 жыл бұрынғы мұнайшылар табыстаған жаңа ғимараттың алғашқы түлегі. Қасиетті қара домбыраның қос ішегінен әуелеген күйге

тәнті болып өскен ауыл баласы өнер мектебінен түлеп, мамандығын одан әрі өнер колледжінде шыңдайды. «Біз бейбіт күннің ұландарымыз, қызыққан мамандықты игеруге барлық жағдай жасалған. Алақандай ауылда осындай өнер мектебі ашылғанда төбесі көкке жеткендердің бірі мен едім. Домбырада ойнап қоймай, оған

қабілетін ашып, дамытуға машықтанған. Бір жылда республикалық байқаудан 48 шәкірттің жүлдемен оралғаны, әріптестеріміздің кәсіби шеберлігінде», - дейді мектеп директоры Марат Шаханов:

- Бастапқы кезде өнер мектебі ауылдағы шағындау ескі ғимаратта болған. Оның құрылысына өнер жанашыры болған Орын ағамыздың өзі атсалысқанын, саз балшықты аяқпен илеп, ауыл жұртшылығымен бірге көтергенін естіп жүрміз. Тіпті, тапшы мамандарды басқа облыстардан шақыртып, аядай үйінде тұрғызған деседі. Кейінгі ұрпаққа мұра болар, зәулім өнер мектебін салдыруды аңсаған Орын Құлсариев ағамыз, сөзін екі еттірмеген «Маңғыстау-мұнайгаз» ұжымына алғысын жаудырған күн де туды. Көзі тірісінде аманаттап кеткен бұл шаңырақ, талай таланттың қанатын қатайтуға мұрындық болары сөзсіз», - деп сөзін түйіндеді мектеп директоры.

Жетібай кентіндегі өнер мектебінен өлке мақтаныштары Айгүл Қосанова, Жоламан Көшкінов сынды елімізге белгілі өнер қайраткерлері шыққанын ескерсек, олардың ізін жалғайтын өнерпаздар осы өрендердің ортасында отырған болар, бәлкім!

Л.Жолдыбаева





МІНДЕТІНЕ МЫҒЫМ МОНТАЖШЫ

Серіктестік құрылған сәттен бастап сыртқы құбыр монтажшысы болып еңбек етіп жүрген жандардың бірі – Нұрқожа Тілепов. Абай Ахметов, Тәйшібай Біләлов сынды майталмандармен қатар қызмет қылып, біраз тәжірибе жинаған ол «International Safety Standard» ЖШС ұйымдастырған техникалық кәсіппен айналысатын жұмысшылардың біліктілігін арттыру сынағынан сүрінбей өтті.

Өрқашан ізденіс үстінде жүретін маманға аталған сын кәсіби өсуіне де мол мүмкіндік берді. Бүгінде ол күрделі тапсырмалардың тез шешімін тауып, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын қызметкерлер қатарында. Сыртқы құбырларды салу, арналар, камералар және арнаулы құдықтарды құру кезіндегі күрделі жұмыстарды орындап қана қоймай, соның ішінде құбырлардың жіктері мен қоныштарын бітеу,

қазылған ұңғымаларға құбыр салу, болат құбырларды салқын және қыздырылған күйде шеттерін калибрлеу, диаметрі әртүрлі ысырмаларды қондыру секілді қат-қабат жұмыстардың зор жүгін өзі аркалап жүр.

Жасандылықтан ада, шынайы болмысы адамдарды өзіне үйіріп әкететін қасиеті тағы бар. Бүгінде Нұрқожа Нұрбайұлының ұжымы арасында абыройы асқақ, беделі басым.

Ешқашан сөгіс алып, селкостық танытқан жайы жоқ. Жұмысына тыңғылықты, уақытпен санаспай, берілген өндірістік тапсырмаларды диттеген жеріне жеткізбейінше тынбайтын табанды маман жастарға өз тәжірибесін бөлісуден еш жалыққан емес. Ұзақ жыл еңбек өтілінде үлкенге ізетті іні, кішіге ақылшы аға болып келеді.

Өмірлік серігі Гүлнар Дәрібайқызымен Ғалымжан, Нұрмұқан, Рақымжан, Еркебуын атты ұлдарды тәрбиелеп отырған бақытты шанырақ иесі.

А.Есбосын

«Oil Construction Company» ЖШС

«МАҢҒЫСТАУЭНЕРГОМҰНАЙ» ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАДЫ

Қыркүйек айының 17-ші жұлдызында Жетібай кенорнында орналасқан №2 өндірістік энергетикалық қызмет базасында «электромонтер» мамандығы бойынша «Үздік маман - 2021» кәсіби байқауы өтті.

«Үздік электромонтер - 2021» кәсіби байқауы осы жылы да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Әр қызмет бөлімшелерінен шыққан жүзден жүйрік электромонтер мамандары сайыс барысында бірінен -бірі оза шауып, дайындықтарының жоғарғы деңгейде екенін дәлелдеді. Жыл өткен сайын тартысты өтетін дода жұмысшыларға кәсіптерін шыңдауға, тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік береді.

Арнаулы комиссия шешімімен жасақталған байқаудың бағдарламасы 3 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – энергетика саласының теориялық тест сұрақтарын қамтыса, екінші кезең – «Максим» атты манекен тренажерда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету, атап



айтқанда жүрекке массаж жасау, ауыздан ауызға ауа үрлеу арқылы өкпені қалпына келтіру, жарақатты таңуға арналды. Үшінші кезеңде электромонтерлер кәсіби тәжірибелік білігін ортаға салды.

Сайыс нәтижесі бойынша, I -ші орынды Қаламқас кенорнының №1 өндірістік энергетикалық қызметінің электромонтері – Бағытбек Майланов иеленсе, II-ші орын Жетібай кенорнының

№2 өндірістік энергетикалық қызметінің электромонтері – Бауыржан Суеновке табысталды. Жұлделі 3-ші орын Жетібай кенорнының №2 өндірістік энергетикалық қызметінің электромонтері –Марлен Құрмашевқа бұйырды. Жеңімпаздар бір жылдық тарифтік еңбек жалақысына 30,20,10 пайыздық үстеме ақы алады.

Жұмысшылардың шеберліктерін шыңдап, ұжым ынтымағын арттыратын және әр жеңімпаздың материалдық жағдайын үстем ететін осындай игі шараларды ұйымдастыруда мекеме кәсіподағының атқаратын ролі зор.

2021 жылдың I жарты жылдығын 0 – травматизммен аяқтаған «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС ұжымы жұмысшылардың қауіпсіздігі үшін аталған байқаудың жиі өтіп тұрғанын құп көреді. Біз де өз атымыздан барлық мұнай-газ саласында еңбек етіп жүрген жандарға кәсіптің биік шыңынан көрінуіне тілекшіміз.

Жанболат Жанбуршин,
Өндірістік-техникалық
қызметтің инженері



Трудолюбивый человек во все времена был любим и уважаем окружающими. Наш труд нас кормит, главное – это найти свое предназначение, свое ремесло. Можно с уверенностью сказать, что Шилина Наталия Алексеевна свое ремесло нашла. Наталия более 20 лет занимается выращиванием растений и саженцев для декоративного оформления сада ТОО «ОТК».

После школы Наталия поступила в Харьковский техникум зелёного строительства по специальности «Озеленение городов и населённых пунктов». Через четыре года окончила учебное заведение с красным дипломом. По распределению на работу приехала в молодой город у моря – Шевченко. Приехала сюда в далёком 1985 году 1 апреля. Полюбов здешнюю природу и местный климат осталась здесь. После зелёных лесов Украины было тяжело адаптироваться к жаркому климату, но она настолько полюбила город, что приняла решение навсегда здесь остаться.



мужа, с которым живём уже 34 года. Первое время работала на объектах Прикаспийского управления строительства, потом в санатории-профилактории «Шагала», а в сентябре 2001 г. устроилась садовником на автобазу «Арай», в последствии ставшую ТОО «ОТК» и вот уже 20 лет занимаюсь озеленением этой территории.

Профессия озеленителя нелёгкая, особенно в здешних климатических условиях, когда летом порой температура поднимается до +50°. Она каждый день выполняет работы по озеленению: подготовку инструментов и посадочного

материала, планирует место для клумб, цветников и лунок, подготавливает почву, уделяя особое внимание поливу, ведет подкормку растений, ухаживает за цветниками и декоративными клумбами. Кроме того, большое внимание уделяется работам по удобрению почвы, высеву семян и высадку посадочного материала на подготовленные грядки, уходу и формированию кроны подрастающих деревьев, уходу за газоном, также Наталия Алексеевна осуществляет декоративную стрижку древесно-кустарниковых растений.

Когда видишь результат своей работы, когда растут деревья, цветут цветы, когда слышишь от коллег, как им нравится наша территория, то забываешь каким тяжёлым трудом это все достигается. Многих сотрудников уже по-хорошему заразила - они тоже стали сажать деревья, выращивать цветы. Наверное, в каждом микрорайоне города растут мои саженцы.

Коллектив ТОО «ОТК» уважает талант Наталии и её способности. Её окружение с большой теплотой относится к ней. Наталия Алексеевна всегда готова прийти на помощь своим коллегам, за что и пользуется заслуженным уважением в коллективе. Она в свою очередь, выразила теплые пожелания коллегам.



Хочу сказать большое и искреннее «спасибо» моим дорогим и замечательным коллегам. Верьте в себя, верьте в свою мечту и у вас все получится! И пользуясь случаем поздравляю старшее поколение с международным днем пожилых людей! Крепкого здоровья вам на долгие годы, неугасающего интереса к жизни, тепла, любви и уважения родных и близких людей!

ТОО «Ойл Транспорт Корпорейшн»

КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ КӘСІПОРЫН

Құттықтау сөз



1966 жылдан бері киелі Маңғыстаудың мұнайгаз кенорындарына коммуникация мен желі байланысы бойынша қызмет көрсететін «Мұнай-телеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне биыл 55 жыл! Заманауи өндірістік-технологиялық базасы бар, жоғары білікті мамандармен қамтылған кәсіпорын, кен орындарына телебайланыспен стационарлық қозғалмалы радиобайланыс орнатады. Ғаламтормен, телефон байланысымен қамтып, автоматтық-телемеханикалық жүйелерге, өлшеуіш құралдарына техникалық қызмет көрсетіп келеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 100% еншілес кәсіпорыны болып табылатын Компания қызметкерлерінің біліктілігімен, ірі мұнай-газ жобаларына жаңа технологиялар енгізу арқылы ішкі нарықта сұранысқа ие.

Қазан айы әріптестерім үшін атаулы датаны атап өтетін ерекше ай! Мерекелік қарбалас алдында Компания тарапынан телекоммуникация саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, саланың дамуына үлес қосқан бірқатар ардагерлер мен қызметкерлерді марапаттау жоспарланғанын атап өткім келеді.

Баршаңызды кәсіпорынымыздың 55 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жарты ғасырдан астам тарихы бар мұнай-газ кешені Ұлттық экономиканың қозғаушы күшіне айналды. «Қара алтын» өндіруде коммуникация желісінің тұрақты болуы қажыр-қайрат пен білімді, төзімділік пен табандылықты талап етеді. Еліміздің әрбір мұнайшысы еселі еңбегімен еліміздің өркендеуіне сүбелі үлесін қосып келеді. Жаздың аптабы мен қыстың қара суығында еңбек етіп жүрген барлық байланыс саласындағы әріптестеріме өз ризашылығым мен зор алғысымды білдіремін!

Сіздерге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еліміздің баянды болашағы, игілігі жолындағы еңбектеріңізге жетістік, мол табыс тілеймін! Мұнай-газ саласына қосқан сүбелі үлестеріңіздің ырысы мен берекесін көруге тілектеспін!

**Ізгі ниетпен және болашаққа
деген сеніммен,
«Мұнайтелеком» ЖШС бас директоры
Е.М. Мұқашев**



Мұнайтелеком - Маңғыстау облысындағы көне кәсіпорындардың бірі. 1965 жылы «Қазақстанмұнай» өндірістік бірлестігінен жаңа байланыс аймағы құрылып, оның құрамына Қазақстандағы барлау, өндіру және өңдеудің барлық кәсіпорындары мен мекемелері кірді. Араға жыл салып, 20 қазанда «Қазақстанмұнай» №3626 бұйрықпен біріктіріліп, учаске байланыс кеңсесіне айналды. Басшысы болып Горловецкий Владимир Григорьевич тағайындалды.

1966 жылғы 20 қазан - Кәсіпорынның ресми құрылған күні. Сол уақыттан бастап байланысшылар ұжымының өндірістік қоржынына алғашқы еңбек жетістіктері жинала бастады. Сол жылы Теңіз және ауыз су сорғы станцияларының диспетчерлер байланысын қамтамасыз ететін Шевченко-Өзен учаскесіндегі әуе байланысының желілері пайдалануға берілді. Байланыс тораптары ұйымдастырылды, Жаңа-Өзен мен Шевченко қалаларында, Жетібай кентінде мұнайшыларға қызмет көрсетуге арналған ажыратқыштар орнатылды. Осы оқиғалардан елу жыл бұрын аймақтағы байланыстың қалыптасуы мен дамуын аңғаруға болады.



70-жылдардың басында Маңғышлақ түбегі мен Шевченко қаласының өнеркәсіптік инфрақұрылымы дамуына байланысты байланысшылардың қызметіне барған сайын сұраныс арта бастады. Жыл сайын дерлік жаңа байланыс желілері енгізілді, АТС орнатылды, радиобайланыс ұйымдастырылды, АТС сыйымдылығы артты. 1970 жылы «Шевченко-Жетібай», «Шевченко-Өзен», «Жетібай-Өзен» байланыс учаскелеріне жаңа байланыс желілері енгізілді, жаңа аппаратура құрастырылды. 1970-1971 жылдары «Өзен-Гурьев» мұнай құбырын іске қосу кезінде «Өзен-Құлсары-Гурьев-Куйбышев» учаскесінде радиобайланыс ұйымдастырылды.

Маңғышлақ түбегінің, Шевченко қаласының, жалпы өңірдегі мұнай саласының қарқынды дамуы қосымша коммуникация құралдарын талап етті, тұрақты телефон байланысы қажет болды. Бұл қиын кезеңдер болатын. Білікті мамандар жетіспеді, байланысшылар қиын ауа-райында жұмыс істеуге мәжбүр болды.

1975-1976 жылдар - Кәсіпорынның тарихында келесі еңбек жетістіктерімен белгіленді: Жаңа Өзендегі АТСБК 100/2000 сыйымдылығы 500 нөмірге көбейтілді, АТК жалпы сыйымдылығы 1500 нөмірге жетті. Жетібай байланыс бөлімінің құрамында Ракусечный байланыс бөлімі ашылды, М-60 қосқышы орнатылды.

1978 жылы мамырда Р-404 радиорелейлік байланысы іске қосылды. Бозашы түбегіндегі жаңа Қаламқас кенорнымен радиобайланыс орнатылып,

Түркіменстанмен шекаралас облыстарда жұмыс жасайтын бұрғышылар байланыспен қамтамасыз етілді.

1986 жылы қаланы Қаламқас және Қаражанбас кенорындарымен байланыстыру үшін 1979 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Р-409 радиорелейлік байланыс жүйесінен К-120НС кабельдік жүйеге көшу жүзеге асырылды.

90-шы жылдардағы экономикалық және өндірістік дағдарыстарға қарамастан, байланысшылар кәсіпорны қиындықтарды жеңіп, динамикалық дамуды жалғастырды. Автоматика, телемеханика және БӨҚ техникалық қызмет көрсету жүйелерін

жаңартып, модернизациялады, өлшеу құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру үшін жөндеу базасын бастапқы құралдармен және өлшеу құралдарымен жабдықтауды кеңейтіп, ұлғайтты.

Өндірісті автоматтандыру цехы «Қаламқас» және «Жетібай» кен орындарында орналасқан, ол жерде 129 маман «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ нысандарында «бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға техникалық қызмет көрсету, монтаждау және баптау» бойынша қызметтер атқарады.

1997 жылы байланыс қызметкерлері арасында маңызды оқиға болды: 8-шағын ауданда жаңа ғимарат салынды, оған барлық байланыс орталығының жабдықтары «КазНИПИнефть» ғимаратынан көшіріліп, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның әкімшілік ғимаратында АТС «Хайком» автоматты телефон станциясын орнату және іске қосу жұмыстары жүргізілді. Ақтауда 3000 нөмірге арналған S-12 жүйесінің автоматты телефон станциясы-21 жабдығы қойылып, Жаңа Өзендегі байланыс орталығын 5000 нөмірге арналған S-12 жүйесіндегі 7 автоматты телефон станциясына ауыстыру жүргізілді. Сондай-ақ, өндірістік база құрамында жөндеу-метрологиялық қызмет пен Маңғышлақ станциясында екі ИКМ-30 жүйесі және «БУТТ» ЖШС-де ИКМ-30 құрылды. Автоматика және телемеханика бөлімі ұйымдастырылды. «Ақтау (АТК-21) – «Шыны талшықты құбырлар зауыты» (43 км)» учаскесіндегі «Радиян-8» радиорелейлік станциясының жабдықтары іске қосылғаннан кейін телефондық кәріз жүйесі орнатылды.

1998 жылдың желтоқсанында таратылған «Өндірістік-техникалық байланыс басқармасы» «Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып құрылды.

«Мұнайтелеком» компаниясы Маңғыстау түбегіндегі барлық мұнай кенорындарын, елді мекендерді: Ескі Жетібай кенті, Мұнайшы, Қызыл-Төбе, Ынтымақ, Бозашы түбегі мен Ақтау қаласын бірыңғай ақпараттық кеңістікке біріктіріп, тұтынушылардың әр түрлі санаттарына арналған телекоммуникация қызметтерінің ұсынып келеді.

2000 жылы Жетібай кен орнында «Жетібаймұнайгаз» ӨУ мен «Асар» кен орнының ғимараттарында байланысты ұйымдастыру үшін тозығы жеткен және ескірген ТМ-600, ТМ-620 телемеханика жүйелерін жаңа Радиус-2000 жүйесімен ПКМ-30 импульстік-кодты модуляциялау жабдықтарының 2 жүйесін пайдалануға енгізу туралы ауыстыру жұмыстары басталды.

2006 жылы тексеру зертханалары үшін жаңа ғимарат салынды. Жабдыктар орнатылып, өлшеу құралдарын тексеру зертханалары ұйымдастырылды. Жұмыс барысында цех өзінің қызмет түрлері бойынша аккредитациялау аттестатын төрт рет растады.

2019 жыл «Мұнайтелеком» ЖШС-і «Documentolog» ЖШС-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды және Батыс аймақ үшін ресми өкілі болды. Сонымен қатар, Компания «өндірісті қашықтықтан басқару», «мұнай кен орындарын игерудің сандық басқару жүйесіне көшу» жобаларын әзірледі. Электрондық құжат айналым жүйесі біздің өмірімізге көптен бері еніп келеді, бірақ соңғы 5 жылда кең тарала бастады.

Телекоммуникация саласында Мұнайтелеком абоненттерге жаңа қызметтерді таңдаудың кең мүмкіндіктерін ұсынады: Қаламқас, Жетібай мұнай кәсіпшіліктерінен және оларға іргелес жатқан шағын кенорындарынан дерек беруді ұйымдастыру, жаһандық компьютерлік желіге қосылу, түрлі ақпараттық қызметтерді ұсыну, сондай-ақ шағын АТС, байланыс жүйелерін монтаждау және баптау, нысандарды телефондандыру, жылжымалы радиобайланысты ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетеді.

Мұнайтелеком Мемлекет бастамаларынан тыс қалмайды, деректерді цифрландыру бойынша 2019 жылы аэрофототүсірілім жұмыстарды жүзеге асырды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобының, сондай-ақ басқа да жер қойнауын пайдаланушылардың қажеттіліктері үшін ұшқышсыз ұшу аппараты сатып алынды.

2018 жылдан бастап Мұнайтелекомды Отандық тауар өндіруші деп мақтанышпен айта аламыз. Себебі, 2018 жылы компания төмен вольтты жиынтық құрылғылары бар Автоматика шкафтарының өндірісін жолға қойған. Төмен вольтты толық құрылғылары бар автоматика шкафы -технологиялық процестерді басқарып, автоматтандыру және әртүрлі өндірістік процестер мен жүйелерді реттеу функцияларын орындайды.

2019 жылы «NOTA-KZ» ультрадыбыстық реверсивті шығын өлшеуіштерінің өндірісі жолға қойылды. Серіктестік Отандық тауар өндіруші мәртебесін алды.

«NOTA-KZ» ультрадыбыстық реверсивті шығын өлшеуіш-бұл қатты қысымды ұстап тұру жүйесінде суды есепке алуға арналған жаңа буындағы «ақылды» аспап. Зияткерлік функциясы бар құрылғы энергия шығынын анықтауға арналған.

Кәсіпорын 350-ден астам кәсіподақ мүшелерін қамтитын тәуелсіз қоғамдық бірлестіктен тұрады. Олардың құрамында алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен ардагерлер, спортшылар бар.

Жыл сайын «Үздік маман» байқауы ұйымдастырылып, «Үздік аспаптар слесарі», «Байланыс бойынша үздік электромонтер», «Үздік көлік жүргізушісі» номинациялары бойынша жеңімпаздар анықталады. Компания қызметкерлері мұнайшыларға арналған жазғы Олимпиада ойындарының ашылуына да қатысады.

Серіктестікте үнемі кәсіпорынның әлеуметтік өміріне белсенді қатысатын жастар Кеңесі жұмыс жасайды. Олар түрлі мерекелік шараларды ұйымдастырып, компания беделін асқақтатып жүр.

Болашақта «Мұнайтелеком» ЖШС Қазақстан Республикасының ірі мұнай-газ жобаларына, сонымен қатар Халықаралық деңгейде қызмет көрсетуді көздеп отыр. Тарихтағы мызғымас естеліктер қатарынан орын алған кәсіпорын әлі талай жетістіктерге қол жеткізері сөзсіз.

Ерекше жан

СӘН ӘЛЕМІНІҢ СҰЛУЫМЕН СҰХБАТ

«Адам көркі – шүберек» дегендей, киіне білу де өнер емес пе?! Жөнімен, сәнімен киіну де адам өмірінде маңызды рөл атқаратынын кім білмейді. Тойға баратын киімді қойға, қойға баратын киімді тойға киіп барып көріңізші, соңы не болар екен. Киінудің де өз философиясы бар. Газетіміздегі «Ерекше жан» айдарының бүгінгі кейіпкері Шолпан Әбдіманап киінуді ғана емес, жұртпен тіл табысып, қоғамда, ұжымда әдемі қарым-қатынас орнатуды да өнер деп есептейді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және байланыс департаментінің бас маманы, әуесқой дизайнер Шолпан Асанқызынан сән әлеміндегі өзіндік жолы, қазіргі қыз-келіншектердің талғамы, киім тігудің қыры мен сырын сұрап білген едік.



Сөз басы

Мысалы, қазіргі жастардың көпшілігі дизайнер, яғни, сән үлгісін жобалаушы болғысы келеді. Модаға қызмет етуді үлде мен бүлдеге оранып жүрудің бірден-бір жолы деп біледі. Расында солай ма? Ешкімнің иығына ілінбеген қиялдағы көйлекті ойлап тауып, келістіріп пішіп, тігіп шығу оңай ма? – Қиын! Өте қиын. Құлын мүшеге құйып қойғандай жараса кететін мінсіз көйлек тігу үшін көп тәжірибе, көп ізденіс керек! – дейді сән әлеміне қызмет етіп жүрген жандардың бірі – Шолпан Асанқызы.

Менің жолым

Бала кезімде сурет салуға икемім болды. Анамның айтуы бойынша, нағашы әжем Кеңестік қызыл империяның күштеп жүргізген кәмпескелеу науқанында өзінің бір құман алтынын беріп, бөз, мақпал маталарын ескі көрпешенің ішіне салып аман сақтағанын, кейін сол маталарға ауыл тұрғындарына киім тігіп берген деседі. Тігіншілік қасиет осы кісілерден дарыған болуы керек.

Университет қабырғасында жүріп сәндегі емес, бірақ өзіме ұнаған, көңілім

құлаған киімді киетінмін. Ең қызығы, кейіннен сол киімдер трендке айналғанда көбісі таңырқайтын. Мен қазірде винтаж журналдарын іздеп жүріп қараймын. Сатылымға шықса дереу сатып аламын. Есімде, Тбилисиде кітапханаға жазылып, бір апта бойы сән журналдарын ақтарып оқығаным... "Мода цикличная" деген түсінік бар. Жылдармен жылжып, ол сәл өзгертілген түрде қайтып келеді.

Менің музам - көйлектерімді бар ықыласымен киетін қыз-келіншектер

Мен көйлектерді маусымдық ассортимент не болмаса тұтынушының сұранысы бойынша тігемін. Соңғы тенденцияларға келетін болсақ, қазір көп дизайнерлер киімдер топтамасын адамның атымен атауды дәстүрге айналдырып үлгерді. Соңғы көйлектерімнің Қарлығаш, Жәния, Ерке, Хадиша деп аталуының себебі осы.

Сән әлемінде бұрын стандарт деген ұғым болатын. Қазір оверсайз ұмыттырды бәрін. Oversize стиліндегі киім бірегей тегіс кесуге, пішуге ие. Құпиясы сол, кез-келген дене бітімінің кемшіліктерін жасырып, сымбатыңызды сұлу етеді. Мені шабыттандыратын нәрсе, ол – көйлектерімді сатып алып, бар ықыласымен киетін қыз-келіншектер.

IT саласының кәсібіме көмегі көп

Мен өзім IT саласында жұмыс істегендіктен, есепке жүйрікпін. Киімнің ұзындығын, енін көз мөлшерімен жобалап лекалдарын сызамын. Қазіргі қызметім өзіме ұнайды, әйтсе де көзге көрінбейтін, бірсарын жұмысың кейде шаршататыны рас. Үйге барғанда сүйікті ісіммен айналысып содан ләззат аламын. Егер техниканың тілін жетік білмесем, тігін курстары жайлы онлайн платформаларға еркін кіре алмас па едім. 2018 жылы FashionFactoryschool шеберлік мектебінен өттім. Екі мамандықты қатар алып жүру – заман талабы деп ойлаймын.

«Жәния» топтамасы қызымның атымен аталады

Қызым суретті жақсы салады. Одан



бөлек, би үйірмесіне қатысады. Әр адам өзін жан-жақты дамытып, үнемі ізденіс үстінде болса дүниетанымы кеңейеді, жеке тұлға болып қалыптасуына қадамдарын нақтылай түседі деп ойлаймын. Қызымның болашақта сән әлеміне аяқ басқанын қалаймын.

Шығармашылық еркіндікті қалаймын

Бұрын цехта жұмыс жасадым. Цехта жұмыс істеудің өз машақаты бар. Дей тұрғанмен, пандемия жағдайында жаңа тынысым ашылды десе де болады. Шығармашылық еркіндікке ерік бердім. Көйлектерім өзім қалағандай қарапайым үлгіде тігілді, біразы сатылды. Кейбіреулерін көп балалы аналарға тегін бердім.

ЖАННАТ КЕМАЛ



ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ



Халық санағы – 2021

Құрметті Маңғыстау облысының
тұрғындары мен қонақтары!

2021 жылғы 1 қыркүйек – 15 қазан
аралығында

өз бетінше sanaq.gov.kz сайтына тіркеліп,
онлайн режимде өте аласыз.

Халық санағы сұратары бойынша
төмендегі нөмерлерге хабарласыңыз:

31-91-44, 31-91-45, 8 778 442 72 19

Қазақстанда әркім маңызды!

ЧУТЬ-ЧУТЬ НЕ ХВАТИЛО ДО ПОБЕДЫ...

Команда акционерного общества «Мангистаумұнайгаз» заняла второе место на республиканском турнире по мини-футболу среди ветеранов, который проводился в Нур-Султане. В финале соревнований нефтяники уступили в серии пенальти...

В турнире ветеранов (игроки старше 45 лет) принимали участие 12 сборных. Команда «Мангистаумұнайгаза» уверенно преодолела групповой этап: в первом матче был разгромлен «Интер» (Нур-Султан) со счетом 5:0, затем в игре с клубом «Достык» была зафиксирована нулевая ничья. Таким образом, в плей-офф наша команда вышла с первого места в группе.

В четвертьфинале «Мангистаумұнайгазу» вновь достался соперник из столицы – команда «Алишер». Основное время драматичного матча завершилось вничью – 1:1, а в серии пенальти со счетом 4:3 победу праздновали нефтяники. В напряженном полуфинале наша команда с минимальным счетом одолела футболистов «Батыра» из Усть-Каменогорска.

В битве за золотые медали сошлись две лучшие команды турнира «Мангистаумұнайгаз» (Ақтау) и «Прогресс» (Караганда). И здесь судьба



трофея решалась в серии пенальти, основное время завершилось вничью – 1:1, а в футбольной лотерее чуть-чуть удачливее оказался «Прогресс».

Тем не менее, наша команда выступила очень достойно и мы вправе гордиться ребятами и верить, что впереди у нас будет еще много громких побед и титулов!



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: - Ғ.Әбдісадық;
- Л.Жолдыбаева;
- Ж.Кемал.
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 215-266 211-885
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индекс: 64265

“ADVER” ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000